

**B.D. Zhumakayeva<sup>1</sup>, B.D. Zhumakayeva<sup>2</sup>**

The Kazakh State Women's Pedagogical University;  
Suleymen Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan  
[d.berke2009@mail.ru](mailto:d.berke2009@mail.ru), [nur-tim1211@mail.ru](mailto:nur-tim1211@mail.ru)

## THE WAYS OF USING CASE-STUDY METHODS IN THE CLASS

**Annotation:** Article examines the specifics, types of cases and classifications of case study methods. It is getting more common the use of techniques of case studying in education process. Certainly, application of types of case studies are various according to the specifics of disciplines. This article studies the main objectives and aims of case study: How does professional knowledge be useful in solving problems in real life circumstances? What kinds of methodologies exist that help people overcome their professional difficulties and use any its chances for their own benefit, at the same time? Are there any ways of using knowledge as atool, which could convert the life challenges into satisfaction? These types of question are discussed in the examples of using case studies. Work efficiency is analyzed that can be reached as a result of using the case studies in education. Moreover, this work suggests some methods and techniques of using written case studies, and their application in teaching process. This research also clarifies some tools of efficient use of case studies, while analyzing their regulations in training and usage algorithms in a whole process.

**Keywords:** case, case study, circumstance, opinion-argument, reasoning, suggestion-solution

УДК 37-013

**Б.Д. Жұмақаева,<sup>1</sup> Б.Д. Жұмақаева<sup>2</sup>**

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті;  
Сүлейман Демирел атындағы университет

## САБАҚТА КЕЙС-СТАДИ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

**Аннотация:** Мақалада кейс-стади әдісінің өзіндік белгілері, кейстің түрлері, жіктемесі көрсетіледі. Кейс-стади әдісінің оқу-танымдық ерекшеліктері сараланады. Кейс-стади әдісі оқу үдерісінде жиі қолданыла бастады. Әр пәннің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты, қоланылатын кейстің түріне қатысты амал-тәсілдер де түрленді. Мақалада кейс-стади әдісінің басты мақсаты мен міндеттері сараланады: білімгердің кәсіби білімі өмірдің нақты жағдаятын шешуге қаншалықты жәрдемдеседі? Өз кәсібінің қиындықтарын шеттетіп, мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланудың қандай әдістемесі бар? Білімді өмірдегі қажеттілікті қанағаттандыратын құралға айналдырудың қандай әдіс-амалы бар? деген сұрақтармен кейс-стади-әдісінің тиімділігін ерекшелік көрсетеді. Кейс-стади әдісін қолдану арқылы қалыптасырылатын құзіреттіліктер қарастырылады. Сонымен қатар жазбаша кейс қолданудың амал-тәсілдері ұсынылып, оларды сабақ үдерісінде қолдану қадамдары көрсетіледі. Кейс-стади әдісін қолдану қағидалары сараланып, әдістің тиімділігін арттыратын амалдар айқындалған. Кейс-стади әдісін қолданудың алгоритмі, тұтас оқу-үдерісі көрсетілген.

Атап айтқанда кейс-стади әдісінің түпкілікті мақсаты айқындалып, оны жүргізуде баса көңіл бөлінетін мәселелер жіктелген. Кейс-стади әдісін қолданудың әдістемелік жүйесі ұсынылған. Мақалада шағын жазбаша кейс үлгісі беріліп, оны шешуге арналған тапсырмалар ұсынылған. Кері байланыс жасаудың бір амалы ретінде свот талдама берілген.

**Тірек сөздер:** кейс, кейс-стади, жағдаят, пікір-талас, дәйектемелер, ұсыныс-шешім, тақылау.

Білім беру жүйесінде кейс-стади әдісі жиі айтылып жүр. Әр пән аясында қолдану тәжірибелерімен бөліскен мақалалар да жариялануда. Әдістемелік еңбектердің көбінде кейс-стади ғасырдан астам уақыттан бері қолданылып келе жатқан байырғы әдіс екені де сөз болады. Алғаш бизнес мектептерінде қолданылғаны,

әдістің атауын ең алғаш Америка Құрама Штаттарының Гарвард университетінде Копплендтің қолданғаны, 1921 жылы оқытудың нақты жағдаяттар жинағын шығарғаны, Гарворд университеті қабырғасында кейс-стади әдісін қолдану тарихына арналған жинақтың 1954 жылы жарық көргені туралы мәлімет алуға болады дерек көздерінен [1,2].

Экономика, медицина, құқықтану, қаржы саласында қолданылып келген кейстің бүгінде білім беру салаларында еркін пайдаланыла бастағаны байқалады. Ал кейс-стади әдісін педагогика саласында қолданудың әдіс-тәсілдерін ұсынған ғалымдар: Коротков М.В., Наумова А.И., Кларин М.В., Михайлова Е.А., Керимбаева М.С., Полонский Г.А., Долгоруков А. т.б. [1-8].

Әрине әр сала өз мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне қарай екішеп, өзіне бейімін қолданады. Кейс-стади әдісінің негізгі құралы – кейс. Ағылшын тіліндегі *case* деген сөздің бір мағынасы – жағдай, ситуация дегенді білдіреді. Яғни кейс мақсатқа сәйкес таңдап алынған жағдаят. Кейстің түрлері көп.

Формасына қарай кейс:

- жазбаша кейстер (кесте, график, диаграмма, иллюстрация қосылып мазмұны кеңейтілген түрлері);
- мультимедиялық кейстер;
- видео кейстер (аудио, видео, фильмдер) болып түрленеді.

Типтеріне қарай:

- практикалық кейс;
- оқыту кейсі;
- зерттеушілік кейс түрлері бар.

Бүгінде белгілі болған кейстердің жіктелуі мынадай:

Кейс негізі	Кейс түрлері
сюжетіне байланысты	сюжетті / сюжетсіз
оқиғаның кезеңіне байланысты	өткеннен бүгінге немесе естелік кейстер
субъектісіне қарай	жеке-даралық, көп субъектілі
материалды ұсыну әдісіне қарай	әңгіме, эссе, сараптамалық жазба, журналистік зерттеу, есеп, очерк, дәйіктер жиынтығы, статистикалық мәліметтер жиынтығы, өндірістік құжаттар мен өндірістік нұсқалар жиынтығы
көлемі	қысқа / орташа / кең көлемді
қосымшасына қарай	арнайы қосымша тіркелген / қосымшасыз
әдістемелігі	сұрақ-кейс / тапсырма кейс


Кейсті таңдау арқылы белгілі бір істе туындайтын мәселені жағдайды ала отырып, оны білімгерлердің күшімен шешудің жолдарын қарастыру кейс-стади әдісінің мазмұнына ықпалдайды. Басты мақсат – білім алушының ғылыми-танымдық көзқарасын кеңейту. Дәстүрлі әдістердегідей репродуктивті біліммен шектелмей, білімді тәжірибемен ұштастыру, нақты мәселелерді шешу жолдарын қарастыра отырып, белгілі бір білім саласында ізденіс аймағын кеңітуді көздеуден туындаған оқыту әдісі. Жауабы дайын білімнен гөрі білім алушының ынтымақтастығы нәтижесінде білімді саралау, сараптау және қолдану маңызды екенін танудан туған. Кейс-стади әдісін қолдану қажеттігі білімді өмірмен ұштастыру талабынан туындаған десе де болады. Көбіне білімгердің жинаған білімі өмірдің нақты жағдаятын шешуге қаншалықты жәрдемдеседі? Өз кәсібінің қиындықтарын шеттетіп, мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланудың қандай әдістемесі бар, яғни алған білімді өмірдегі қажеттілікті қанағаттандыратын құралға айналдырудың қандай әдіс-амалы бар деген ізденістен туғаны айқын. Кейс-стади әдісінің қажеттілігі мен мүмкіндіктері бірнеше қырынан өзекті екендігін байқатады:

Біріншіден, білімді практикамен ұштастырады. Сол арқылы белгілі бір салада алған білім (педагогика саласында өндіріс мектеп өмірі) өндірістегі өмірге ұласады. Кейте белгілі бір жолдармен өмірде болған немесе болуы мүмкін нақты жағдаяттардың моделі жасалады. Ол білім алушының практикалық білімінің кешенін құрайды.

Екіншіден, білімгердің белгілі сала бойынша алған білімі теориялық қағидалармен ғана шектелмей, продуктивті білімге ұласады. Өзінше қорыту, пайымдау, интерпретациялау, саралау, салыстыру, салғастыру, нәтижелерін болжау сияқты ой-амалдарын қозғауға түрткі болады. Кейс-стади әдісі білім беру жүйесіндегі басқа да әдістермен («миға шабуыл», зерттеушілік әңгіме, пікір талас, «ассоциация», дидактикалық ойындар, үлгілеу т.б.), интеграцияланады.

Үшіншіден, ғылымның даму бағытын байқауға, сол сала бойынша кейінгі ақпарат көздерін, күнбе-күнгі жағдаятқа қажетті жаңа білім көзімен, ғылымның соңғы жетістіктерімен қарулануына түрткі болады. Ол дәйектемелерді іздеу барысында жүзеге асырылады.

Кейстің басты қайнар көзін, негізін құрайтындар:




Кейс-стади әдісінде оқытушы пікір-таластың жүргізушісі сұрақтарды сараптаушы және жауаптарды нақтылаушы, белгілеуші рөлін атқарады. Үдеріс соңында көтерілген мәселелер алгоритмді бағаланады.

Педагогикада жазбаша кейстер жиі қолданылады. Білім берудің негізгі көзі, оқу материалы мәтін болуы себепті, мәтінмен жұмыстың бір түрі ретінде жазбаша кейстер зерттеу, зерделеу нысанына алынады. Жазбаша кейстерді ұсына отырып, ондағы көтерілген басты мәселені анықтау, кейстегі негізгі мәселені анықтауға көмектесетін мәтіннің құрамды бөліктеріне назар аудару, ішінара талдау жұмыстары жүргізіледі. Жазбаша кейстертерде жағдаятты бар болмыс-бітімімен көрсете алу, әрбір әрекеттің туындау себептеріне дәйектемелердің (нақты мерзімі, статистикалық мәліметтер, диаграмма, кесте түріндегі анықтамалық материалдың) болуы, шиырлы оқиғалар мен мотивтер, күрделі құрылымы болуы жазбаша кейстерді мазмұнды етеді.

Жазбаша жақсы жазылған кейстердің мынадай белгілері болады:

1. Барлық жақсы әңгімелер сияқты жақсы кейстің фабуласы шебер құрылады.
2. Жақсы кейс қызығушылықты туындататын қызықты ситуацияларға құрылады. Білімгерлер кейстің ойдан туындаған шығарма екендігін аңғармайтын дәрежеде болады.
3. Кейстің мазмұны мақсатына сәйкес келіп, нақты іс-әрекеттерді сипаттай алады; сол саланың аспектілерін қамти алады.
4. Әртүрлі көзқарас пен пікір-таласты тудыра алады
5. Бір ғана шешімге тірелмейтіндей бірнеше шешу жолдары болады.
6. Кейс өз шешімі бар қызықты драма айналуы қажет.
7. Жақсы кейс өмірдің шынайы жағдайларын нақты ғылыми ақпармен дәйектейді.
8. Кейстің ойланып шешетіндей белгілі күрделілік дәрежесі болады.
9. Өзектілігі болады әрі тез ескірмейтіндей сұранысы болады.
10. Аналитикалық ойлауды дамытуы.
11. Ұсынылған мәселені шешуге түрткі болатын сұрақтар мен тапсырмалар жиынтығы болады.
12. Жақсы құрастырылған кейс белгілі бір іскерліктер кешенінің қалыптасуына немесе олардың одан ары қарай дамуына негіз болуы т.б.

Кейстегі жағдаятты анықтау, басты мәселелерді ерекшелей алу кейс-стади әдісіндегі алғашқы қадамдар ғана. Кейс стади әдісінің түпкілікті мақсаты жағдаятты шешудің амалдарын табуға үйрету болмақ. Яғни кейспен жүргізілетін жұмыстың басым бөлігі ұсыныстар мен шешім іздеуге бағытталғаны дұрыс. Ұсыныстар көп болып, талқылау барысында ең мазмұнды шешімнің жасалу үдерісі де талқылау мен сараптау нәтижесінде жүзеге асырылады. Шешімнің әрбір қадамы нақты артықшылығымен түсіндірілуі, мысалмен дәйектелуі де маңызды. Кейс-стади әдісіндегі оқу-танымдық әрекеттер екі кезеңнен құралады:



Кейс-стади әдісін қолданудың амал-тәсілдері әр алуан. Егер визуалды кейстер болған жағдайда көруге уақыт бөлінеді, ал мәтіндік кейстерді оқуға мүмкіндік жасалады. Кейде проблеманы шағын суреттер топтамасы арқылы көрсетуге немесе жағдаятты тақырып түрінде ұсынуға да болады. Кейс-стади әдісі топтық талқылау барысында жүргізілетін болғандықтан, топқа бөлу, топ мүшелерінің қызметін айқындау, топтық қарым-қатынаста ынтымақтастық ахуалды орнықтыру маңызды. Топтық талқылауда басты мәселеге қарай бағыттау да нәтижелі іске көмектеседі.

Кейде шағын кейстерде жағдаятты бірден ашып көрсетіп, екінші кезеңге көбірек уақыт бөлуге болады. Талдап-талқылау барысында ұсынылатын шешімнің орындалу жолдарын әртүрлі өнімде ұсыну, топтың шығармашылық ізденісін көрсетеді. Нақты дәйектемелерді диаграмма, кластер, модель, сценарий, композиция т.б. үлгілерде ұсыну, топ мүшелерінің сараптамалық ойын, шығармашылық ізденісін тереңдете түседі.

Анығында, кейс-стади әдісінің артықшылығы да осында. Біріншіден, ізденушілердің сараптамалық ойы дамиды, қажетті ақпаратты таба білуі, олардың ішкі бірліктерін ажыратып көрсете алуы, жүйелеп, жіктей алуы, шындыққа жанасатын немесе дәйексіз ақпаратты анықтай алуы, талдай алу құзиреттері қалыптасады.

Екіншіден, теориялық білімді нақты іс-тәжірибеде қолдануды үйренеді. Алған білімді өмірде қолдануда басты қағидаларға зер салып, нақты әдіс-амалдарын меңгереді.

Үшіншіден, шығармашылық дағды қалыптасады. Бұл тұста негізгі шешімді тапқаннан іздеу үдерісінің маңыздылығына көз жеткізуге болады. Тек логикалық қисынмен ғана мәселені шешу мүмкін емес. Әр түрлі жағдайларға шығармашылық ізденіс арқылы шешім жасауға болады. Адам өміріндегі жағдаяттарды шешудің жақсы жолы – шығармашылық ізденістермен келеді. Кейс-стади әдісі шығармашылық құзиретті қалыптастыруға көмектеседі.

Кейс-стади әдісін қолдану амалдары:

**Сабақтың тақырыбы:** Мұғалімнің кәсіби құзиреттілігін қалыптастыру. (Білім беру жүйесінде орын алған олқылықтар мен жағдаяттарды шешу жолдары)

**Сабақтың мақсаты:**

- «Мұғалімнің кәсіби бағдары» курсына «Мінсіз мұғалім туралы қалыптасқан ұстанымдарды зерттеу» тақырыбы бойынша теориялық білімдерін зерделеу;
- Мектеп тәжірибесіндегі мәселелерді талдай алу, даулы мәселелерде тиімді іс-әрекет пен оң қалыпты (бағытты) ұстана алу, жағдаятты бағалай алу қабілеттерін қалыптастыру;
- Болашақ мамандарға кейс-стади әдісін таныту және әдісті қолданудың мүмкіндіктері мен қиыншылықтары жөнінен кері байланыс алу.

Сабақ екі академиялық сағатқа жоспарланған.

**Сабақты жүргізу алгоритмі:**

**Сабақтың кіріспе кезеңі:** Кейс-стади әдісінің мақсат-міндеті таныстырылып, сабақтың жүру тәртібі туралы қысқаша мағлұмат бірілді. Үлестірме материалдар таратылып, талап етілетін оқу міндеттері таныстырылды.

**Студенттердің дербес жұмысы:** Кейс материалымен тынысуға 10 минут уақыт бөлінді. Мәтінмен танысу кезінде өзіне таныс жағдаяттардың тұсына «+» белгісі, өз сөзіне дәйек болатын мәліметтердің тұсына «!» белгісін, шешуді талап ететін мәселелердің тұсына «?» белгісін қоя отырып оқу тапсырылды.

**Кейспен шағын топшаларда жүргізетін жұмыстар:** аудитория шағын топшаларға бөлінеді. Тапсырмаларды топ ішінде бөлісе отырып талдау жұмыстарын жүргізеді. Тапсырмалар:

- Берілген кейс қандай басты мәселені қозғайтынын анықтау? Талқылай отырып басты мәселені ерекшелеп көрсету.
- Кейске қатысушы кейіпкерлерге қысқаша мінездеме беру;
- Кейстегі сұрақ-жауаптарды түріне қарай (ашық/жабық) белгілеу;
- Мәтіндегі коммуникативті қарым-қатынасқа дәйектемелер ала отырып сараптама жасау.
- ҰСЫНЫС: Мәтіндегі басты мәселені (өздері белгілеген) шешу үшін ұсыныс-шешім жасау. Шешімді орындаудың жолдарын түсіндіретін презентация даярлау.

*Топтық талқылаулар:* алдымен әр топтың мәтін бойынша жасаған талдау, саралау жұмыстары тыңдалды. Әр топша өз пікірлері мен көзқарастарын дәйектей отырып, негізгі мәселелерді топтастырып көрсетеді. Анықталған басты мәселені жариялайды. Өзге топтар оппонент (сарапшылық) рөл атқарады. Екінші кезекте өз ұсыныс-шешімдерін қорғайды.

*Сабақты қорыту:* жүргізуші сабақ барысында келтірілген дәйектемелердің ұтымды тұстарын ерекшелейді. Ұсыныс-пікірлердің тиімді, тиімсіз тұстарын бағалайды.

Қолданылған кейс: «АШЫҚ САБАҚ»

Жанна Жақыпқызы бұл мектепте жұмыс істегеніне жеті жылдың да қарасы көрініп қалыпты. Құдайға шүкір, біреуден кейін, біреуден ілгері жүріп жатқан жайы бар.

Бүгін түстіктен кейін кезектен тыс мәжілісі болған еді. Бірлестік жетекшісі оқу орнына келіп жатқан тексерістің жайымен таныстырды да, бірлестік мүшелеріне біраз жұмыстар міндеттеді.

- Лаборанттың жұмысы көп. Барлық папкадағы іс-құжаттарды игеруі қиын. Әр мұғалім өзіне бөлінген папканы реттеп шықсын. Өздік жұмыс журналдарыңызды толтырыңыздар. Алдымен соны сұрайды екен. Өзара сабаққа қатысу журналдарыңыз толмай қалмасын. Өткен айдағы ашық сабақтардың протоколдарын түгендеңіздер. Айпақшы, осы айдағы сабақтар өтіп кетті ғой. Бір ашық сабақ көрсетуіміз керек еді, - деп кесте бойынша өтілетін ертеңгі сабақтарды шолды.

- Жанна Жақыповна, ертең сіздің сабағыңыз бар екен ғой. Ашық сабақ қылып өткізіңіз.

Сөйтіп Жанна Жақыпқызының ертеңгі сағат 10 дағы сабағына «қонақ» кіретін болып шықты. Әдетте ашық сабағына ай бұрын дайындалатын еді. Аяқ асты ойын жинақтай алмай әлек болып қалды.

*«Оқушыларға ескертіп те үлгермедім-ау. Жарайды, старостаға хабарласармын. Лаборанттан сынып жетекшісінің телефон номерін алып, одан оқушылардың номерін іздеп көрермін. Слайд жасау керек. Айтпақшы, интерактивті тақтамен слайд көрсету үшін компьютер орталығына қызметтік хат жазуым керек қой. Кетіп қалмаса жарар еді. Айтпақшы, сабағымды интерактив тақтасы бар кабинетке ауыстыру үшін диспетчерге ескертуім керек қой. Тағы, тағы нені ұмыттым? Е, оқушыларға ертеңгі сабаққа қатысты тақырыптардан реферат берген едім ғой. Жарайды оған 20-30 минут жұмсармын. Слайдты сол тақырыптардың қорытындысы ретінде көрсетіп шығармын. Интернеттен материалдар іздестіруім керек. Үйдегі интернет те бір істеп, бір істемей тұр еді. Ұлыма айтып, материалдар іздестіру керек».*

Жиналыс бітісімен мұғалімдер бөлмесі араның ұясындай қызу тірлікке ауысты. Әркім папкасындағы қағаздарды сапырылыстырып әуре. Жарты бет қызметтік хатты жазу үшін лаборанттың өмірі босайтын компьютерінің кезегін күтіп біраз отырып қалған екен. Компьютер орталығына келгенше орталық басшысы жұмыстан қайтып кетіпті. Әйтеуір диспетчерге кабинетті ескертіп үлгерді. Старостаның да телефоны табылды:

- Бұл Жанна апайларың ғой. Ертең сағат ондағы сабаққа комиссия қатысатын болды. Дайын шығарсыңдар?

- Апай— деп күмілжіді ар жағынан.

- Не болды? Дайын емессіңдер ме?

- Неге дайын емессіңдер?

- Апай, біз дайындалып үлгермедік.

- Неге дайындалып үлгермейсіңдер? Бір апта уақыт өтті емес пе?

- Ертең сабақ екенін білесіңдер ме өзі?

- Сабаққа алдын ала дайындалмай ма екен?

- Апай, мен түнімен дайындалайын. Гулмира мен Айжан жақын тұрады ғой оларға да айтамын. Апай, біз өткен аптада түстен кейінгі уақыттарда ҰБТ ға дайындалғанбыз. Қыздардың көбі реферат жазбаған шығар.

- Басқа оқушылармен хабарласайын ба?— деді, үнемі апайлардың алдына түсіп елілдеп тұратын сары үрпек балапан қыз Сағыныш.

Үйге қанша асыққанымен жұмыс күні соңындағы дағдысымен автобус келіп болмады. Үйге кешкі сегіздерде зорға жетті. Келсе үйінде ауылдағы қайнағасы мен абысыны отыр. Үлкен ұлдары үйленетін көрінеді. Той қамына қалаға келеді дегенді естігені бар еді. «Қарашы, қас қылғандай қысылтаяңда келіп қалғандарын»,— деді ішінен амандасып жатып. Содан шай үстінде де, одан біраз уақыттан соң дайын болған ас үстінде де ағайындылардың той қамындағы қызу талқысына ара-тұра «иә», «дұрыс», «солай жөн болар» деп қойғаны болмаса, ойы ертеңгі сабақтың қамында отырды. Ақшалай көмектесе қоярлық жағдай жоқ. Кейінгі кезде жолдасының денсаулығы болмай, отбасының табыскері жалғыз өзі болып қалған. Үйдегі үш баласының қажетін өтерлік тұрақты жұмысы барын дәтке қуат ететін. Мұның алаңдаулы көңілін абысыны назардан тыс қалдырмады. Бірақ өзінше жорыды ма, қабағы қырыстана қалды.

Үйдегі елді орнына жайғастырып түн жарымында жұмыс столына жеткен Жанна Жақыпқызы ұлының интернетті қоса алмағанын көріп, біраз оқулық, кітаптарды ақтарды. Табылған материалдармен слайд жасаған болды.

Таңертеңгі тірлігі де алашапқынмен басталды. Компьютер орталығының басшысы директордың қабылдауында болып шықты. Оны тықыршып күткенімен келіп болмады. Жанна Жақыпқызы қызметтік хатқа қол қойдырып, компьютерді қостырғанша сағат оннан кетіп үлгерді.

- Айжан, тақтаны сүртіп қойшы.
- Сағыныш, терезені көлегейле, жалюзді түсір,– деп асығыс компьютерді қоса бастады.

Сөйткенше болмай аудиторияға осы сыныптың жетекшісі кіріп келді.

– Жанна Жақыповна, бұл сынып ҰБТ ға босатылған. Бүгін сағат 11 де бағдарлы тестке апаруым керек.

- Қалайша? Бізде ашық сабақ қой.
- Онысын білмедім. Маған айтылғанына үш күн болған.
- Жарайды мен директорға айтып, басқа параллель сыныппен ауыстыртып көрейін,– деп Жанна асығыс қабылдау бөлмесіне жөнелді.

Директордың өзіне жолығып бірақ шешпек еді, мұнда да тексеріске байланысты кезектен тыс жиналыс өтіп жатыр екен. Секретарға айтып оқу ісі жөніндегі меңгерушіні шақыртып алды. Мән-жайды түсіндіріп, сыныпты ауыстырып келгенше сабақ аяталуға 20 минут қалды.

«Ашық сабаққа» кіреді деген «қонақтары» әлгінде өзі барып қайтқан директор бөлмесінде отырған болып шықты.

*Ескерту: Кейтегі нақты іс, оқиға сабақ үшін, оқу мақсатына сәйкес құрастырылған. Ондағы қызметкерлер мен іс-әрекетке қатысушылар ойдан шығарылған. Қандай да бір оқиға мен әрекет ұқсастығы бар болса, ол – кездейсоқтық.*

*Кейсті талдау барысында мынадай мәселелерге көңіл бөлу тапсырылды:*

*Берілген кейс қандай басты мәселерді қозғайды?*

*Басты кейіпкерге қысқаша мінездеме беріңіз*

*Кейтегі сұрақ-жауаптарды түріне қарай (ашық/жабық) белгілеңіз*

*Мәтіндегі коммуникативті қарым-қатынас қандай деп ойлайсыз?*

*Кейсте көтерілген басты мәселені шешу үшін не ұсынасыз?*

Кері байланыс: свот талдамасы бойынша рефлексия жасалды. Қорытындыланды.



#### ӘДЕБИЕТ

- [1]Короткова М.В. Методика проведения игр и дискуссий на уроках историиМ.: ВЛАДОС-ПРЕСС, 2001. — 256 с.
- [2] Багиев Г.Л., Наумов В.Н. Руководство к практическим занятиям по маркетингу с использованием кейс-метода. On-line in Internet // <http://www.marketing.cfin.ru/read/m21/>
- [3]Виханский О.С., Наумов А.И., Зобов А.М. Российский менеджмент: учебные конкретные ситуации: в 2 кн. М.: НФПК, 1997. Кн. 1: Ситуационное обучение менеджменту. 1997. 4.
- [4]Михайлова Е.А. Кейс и кейс-метод: процесс написания кейса // Маркетинг. 1999. N 5. — С.113-120.
- [5]Кларин М. В. Педагогическая технология в учебном процессе. Анализ зарубежного опыта. —М.: Знание, 1989. - 80 с
- [6]Смолянинова О.Г. Дидактические возможности метода case-study в обучении студентов. On-line in Internet [http://www.lan.krasu.ru/studies/authors/smolyaninova/CASE\\_STUDY/articles/Didactic/Didactic.html](http://www.lan.krasu.ru/studies/authors/smolyaninova/CASE_STUDY/articles/Didactic/Didactic.html)
- [7]Керимбаева.О модульно-накопительной системе повышения квалификации // Білімдегі жаңалықтар. - 2009. - № 2. - С. 34-36.
- [8]Долгоруков А. Метод case-study как современная технология профессионально-ориентированного обучения Интернет ресурс: <http://pycode.ru/2012/05/case-study/>

#### REFERENCES

- [1]Korotkova M.V. Metodika provedeniya igr i diskussiy na urokakh istoriiM.: VLADOS-PRESS, 2001. - 256 s.

- [2] Bagiev G.L., Naumov V.N. Rukovodstvo k prakticheskim zanyatiyam po marketingu s ispol'zovaniem keys-metoda. On-line in Internet // <http://www.marketing.cfin.ru/read/m21/>
- [3] Vikhanskiy O.S., Naumov A.I., Zobov A.M. Rossiyskiy menedzhment: uchebnye konkretnye situatsii: v 2 kn. M.: NFPK, 1997. Kn. 1: Situatsionnoe obuchenie menedzhmentu. 1997. 4.
- [4] Mikhaylova E.A. Keys i keys-metod: protsess napisaniya keysa // Marketing. 1999. N 5. — S.113-120.
- [5] Klarin M. V. Pedagogicheskaya tekhnologiya v uchebnom protsesse. Analiz zarubezhnogo opyta. —M.: Znanie, 1989. - 80 s
- [6] Smolyaninova O.G. Didakticheskie vozmozhnosti metoda case-study v obuchenii studentov. On-line in Internet <http://www.lan.krasu.ru/studies/authors/smolyaninova/CASE,STUDY/articles/Didactic/Didactic.html>
- [7] Kerimbaeva. O modul'no-nakopitel'noy sisteme povysheniya kvalifikatsii // Bilimdegi zhaңalyqtar. - 2009. - № 2. - С. 34-36.
- [8] Dolgorukov A. Metod case-study kak sovremennaya tekhnologiya professional'no-orientirovannogo obucheniya Internet resurs: <http://pycode.ru/2012/05/case-study/>

**Б.Д. Жумакаева<sup>1</sup>, Б.Д. Жумакаева<sup>2</sup>**

Казахский Государственный Женский Педагогический Университет;  
Университет им. Сулеймана Демиреля

### **ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МЕТОДА КЕЙС-СТАДИ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ**

**Аннотация:** В статье рассматриваются особенности кейсовой технологии, виды кейсов и классификация приемов использования метода кейс-стади, а также его учебно- познавательный потенциал. Актуальность данной работы обусловлена тем, что технологии на основе кейс-стади стали часто применяться в учебном процессе. Безусловно, в зависимости от специфики предмета, используются разнообразные виды кейсов. Авторы рассматривают главные цели и задачи метода кейс-стади в аспекте его практического применения, и предпринимают попытку найти ответы на следующие вопросы: насколько профессиональные знания обучающихся помогают в решении проблем в конкретных жизненных обстоятельствах? Каковы методы, используемые для разрешения профессиональных трудностей? Как эффективно использовать знания в качестве необходимого орудия для удовлетворения жизненных потребностей? Таким образом, эффективность метода кейс-стади становится очевидной, в особенности в аспекте формирования профессиональных компетенций. Помимо этого, авторами предлагаются правила использования метода кейс-стади, наиболее эффективные способы его применения, а также излагается алгоритм применения метода кейс-стади в учебном процессе.

**Ключевые слова:** кейс, кейс-стади, обстоятельство, мнение-спор, обоснования, предложение-решение.